

"Шығыс Қазақстан мыс-химия комбинаты" акционерлік қоғамы мен Ертіс мыс балқыту зауыты" акцияларының мемлекеттік пакетін басқаруға беру туралы<*> Ескерту.

Қаулының атауына өзгеріс енгізілді - ҚР Үкіметінің 1996.02.27. N 251 қаулысымен. ~ P960251

Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің ҚАУЛЫСЫ 1995 жылғы 8 қыркүйек N 1247

Түсті металлургия кәсіпорындарын қаржылық сауықтыру және олардың жұмысын тұрақтандыру, бюджет қаржысының ысырапталуын жою, республикаға шетел инвестицияларын, озық технологиялар мен басқару әдістерін тарту мақсатында Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинеті ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:

1. "Далекс, Трейдинг Лимитед" фирмасының (Кипр) онымен "Шығыс Қазақстан мыс-химия комбинаты" акционерлік қоғамы мен "Ертіс мыс балқыту зауытының" акциялары мемлекеттік пакетін басқару туралы шарт жасасу туралы ұсынысы қ а б ы л д а н с ы н . < * >

Осы қаулыға қол қойылған сәттен "Далекс Трейдинг Лимитед" фирмасының жазбаша келісімінсіз аталған кәсіпорындардың өнімін сатуға шарттар (контрактілер) ж а с а у т о қ т а т ы л с ы н .

Ескерту. 1-тармақтың 1-ші абзацына өзгеріс енгізілді -
ҚР Үкіметінің 1996.02.27. N 251 қаулысымен. P960251_2 . < * >

Ескерту. 2-тармақтың күші жойылған - ҚРМК-нің 1995.11.15.
N 1534 қ а у л ы с ы м е н .

3. Қазақстан Республикасының Геология және жер қойнауын қорғау министрлігі Артемьев кен орнын ары қарай барлау және пайдалануға лицензия, басқа да қажетті геологиялық ақпаратты "Шығыс Қазақстан мыс-химия комбинаты" акционерлік қоғамына беру мәселесін он күн мерзімде шешсін.

4. Қазақстан Республикасының Өнеркәсіп және сауда министрі аталған кәсіпорындарды басқару туралы шарттың қағидаларының орындалуына бақылау жасау жөнінде Қазақстан Республикасы Үкіметінің өкілін тағайындасын, оған осы қаулының орындалуы бойынша мемлекеттік органдардың қызметін үйлестіруді жүктесін.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

Премьер-министрі

